

---

## ата-аналарға арналған

ата-аналармен бөлісуге болатын ақпарат

---

### Репетиторлық жоспар деген не?

Білім, жастар және спорт министрлігі КОВИД -19 пандемиясына байланысты күндізгі оқытуды алып тастаудың кері салдарын азайтуға көмектесетін репетиторлық ұлттық жоспарын дайындады. Ол ең алдымен мектепте үлгермеу және төтенше жағдайларда оқудан шығып қалу қаупі бар оқушыларға арналған. Осындай оқушылардың оқу нәтижелерінің айтарлықтай нашарлауы байқалды.

### Бұл репетиторлығы, тиісінше қосымша білім беруі біздің мектепке де қатысты ма?

Жоспар Чехия республикасындағы барлық бастауыш және орта мектептер мен консерваторияларға сәйкесінше жеке және топтық репетиторлығын, тиісінше оқушыларға қосымша білім беруді жүзеге асыруға қолдау көрсетеді. Мектептерге 2021 жылдың 5-інен 16-шы қараша айы аралығында Білім, жастар және спорт министрлігі жүргізген кезектен тыс сауалнамада репетиторлығын қажет ететін мектеп ұсынған оқушылар санын және мектеп деректерінен берілген мектептегі оқу жағдайы нашар оқушылардың санын пайдаланып отырып, математикалық үлгі бойынша қаржыландыру берілді. Үлгі кему және артта қалу дәрежесіне қарай кему ретімен оқушылар санын үш топқа есептейді. Репетиторлықты қолдаудың бірінші кезеңі 2021 жылғы 1-ші қыркүйектен 31-ші желтоқсан аралығында өтті және 2022/2023 оқу жылының соңына дейін жалғасады.

### Менің балама репетиторлықты кім береді?

Репетиторлықты, тиісінше қосымша білім беруді, мысалы, берілген немесе көршілес мектептің мұғалімдері, педагогтың көмекшілері, студенттер немесе зейнеткер мұғалімдер қамтамасыз етуіне болады. Сіздің аймағыңызда жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйымдардың еріктілері де репетиторлық қызмет көрсете алады. Олар кейіннен мектеп қызметкерлеріне айналады және сағатына ең көбі 250 крон алуға құқылы болады. Репетиторлық, тиісінше қосымша білім беру негізінен жеке түрде өтуі керек және негізгі пәндерге назар аударуы керек.

### Репетиторлық, тиісінше қосымша білім беру міндетті ме?

Оқушылар репетиторлық, тиісінше қосымша білім беру критерийлерін пайдаланатын мектептің шешіміне енгізіледі (оларды [ОСЫ ЖЕРДЕН](#) таба аласыз). Репетиторлық, тиісінше қосымша білім алу міндетті мектепке барудың бөлігі болып табылмайды және негізінен Сіздің мектебіңізбен келісуіңізге байланысты. Бұл «қорқыныш» емес, пайдаланбау қайран болар тамаша мүмкіндік. Әркім барлығын бірден мінсіз біле бермеу және мектептегі барлық пәндерге құмар болмайтыны қалыпты жағдай. Бір нәрсені түсінбеу, бірден ұқпау және білмеу әркімде де боларлық жағдай. Сондықтан да

осыған көмектесетін адамдар осында бар. Егер сіз балаңызға осы бағдарлама аясында репетиторлық, тиісінше қосымша білім алуды қаласаңыз, балаңызды ықтимал қосу мүмкіндігі туралы мектеп басшылығымен немесе тиісті сынып жетекшісімен кеңесіңіз.

### **Репетиторлық, тиісінше қосымша білім беру қандай көмек көрсетеді?**

Тікелей көзқарастық тұрғыда, бұл қосымша білім беру бағдарламасы оқушылардың сабақ барысында түсінбеген кез келген немесе керісінше оны қызықтырған тақырыпқа жіті назар аударуына мүмкіндік береді. Жекелей үйретудің арқасында ол сұрақ қоюға немесе осы уақытқа дейін еш назар аудармаған, осы уақытқа дейін ынтықпаған пәніне деген көзқарасын өзгертуі не талаптану қарым-қатынас орнатуына да болады. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда репетиторлық адамымен жақсы қарым-қатынас табуы - педагог-мұғаліммен немесе тіпті сыртқы оқытушы тұлғасымен дос та болуы мүмкін.

Ұзақ мерзімді перспектива жағынан оқушының қатысуы оның болашақ табысына оң әсер етуі ықтимал. ЕЭЫДҰ есебіне сәйкес, жыл сайынғы білім оқушылардың болашақ табысын орта есеппен 7,5-10%-ға арттырады. Сондай-ақ білімге салған инвестициясы мемлекетке де қайта айланып келеді, өйткені макроэкономикалық тұрғыдан алғанда, оқушының қазіргі қатысуы және оның болашақта жақсы өмір сүру жағдайы өнімділікке, ЖІӨ және салық жинауға оң әсер етеді.

### **Ұлттық жоспары арқылы білім беруді ерекше және қызықты ететін не?**

Ұлттық репетиторлық жоспары, бұл тек оқушылардың білімін кеңейтуге арналған емес қосымша білім беру бағдарламасы!

- тегін (Келесі ұрпақ ЕО-ы (*Next Generation EU*) деп аталатын Еуропалық Одағының қорынан мемлекет тарапынан төленеді),
- мектеп басшылығы ұйымдастырады,
- шағын топтар және жеке, жекелей үйрету,
- бұрыннан белгілі мұғалімдердің ғана емес, мектеп ұжымының ынтымақтастығымен,
- сонымен қатар коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, университет студенттері және басқа да жеке тұлғалар қатарынан сыртқы сарапшылар, мысалы, білім құдықтары жиі елеусіз қалған әжелер мен аталар;
- сабақ кестесіне қосымша сағат немесе түстен кейінгі кружоктардың орнына,
- әсіресе жеке, бірақ негізделген жағдайларда бұл онлайн режимінде де мүмкін.
- 2022-шы жылдың қаңтарынан бастап 2021 жылдың күзіндегі репетиторлыққа жалғасады.
- Бұл басында ковид-19 пандемиясынан туындаған қашықтықтан оқытуға әрең қатысатын оқушыларға арналған оқу жоспарындағы олқылықтарды жоюға көмектесу үшін жасалған. Бірақ оның пайдасын тек «екі оқитындар» емес, барлығы дерлік пайдалануына болады.
- Осының арқасында балалар мектепте үлгермеген нәрселерін қуып жетіп ғана қоймай, кез келген нәрсені, оларды не қызықтырады, қалыпты сабақтарда уақыт жетпей қалған нәрселерді де сұрай алады және олар өздерін қызықтыратынын білмеген нәрсені де үйренеді!

*Түсінікті болу үшін «ата-ана» және «оқушы» терминдері әдетте кез келген басқа «заңды қамқоршы» және «бала» дегенді білдіреді. Әрине, ересек оқушылар мен студенттер мәселеде өздерін бағдарлай алады, оларға ата-ананың рұқсаты қажет емес.*

---

[Басқа он жеті тілдегі ата-аналарға арналған мәтінді осы жерден жүктеп алуға болады](#)